

Тәжікстан Республикасынан Қырғыз Республикасына жарылғыш заттардың (аммонит бжв-32 мм) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 11 қыркүйек N 1377

"Кару-жараққа, әскери техникаға және екіудай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 Р991143 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тәжікстан Республикасынан Қырғыз Республикасына "СУ-93" акционерлік қоғамы (Бішкек қаласы, Қырғыз Республикасы) үшін 1999 жылғы 25 қаңтардағы N 19 келісім-шарт бойынша 1-қосымшаға сай "Химзауыт" акционерлік қоғамы (Исфара қаласы, Тәжікстан Республикасы) беретін жарылғыш заттардың (аммонит бжв - 32 мм) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қолданылып жүрген Халықаралық темір жол жүк қатынастары туралы келісімге және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, 2-қосымшаға сай қозғалыс бағыты бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктің темір жол көлігімен тасымалын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген жүктердің (жарылғыш заттардың) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрія және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 11 қыркүйектегі

N 1377 қаулысына

1-қосымша

"СУ-93" акционерлік қоғамына (Бішкек қаласы, Қырғыз Республикасы) 1999 жылғы 25 қаңтардағы N 19 келісім-шарт бойынша "Химзауыт" акционерлік қоғамы (Исфара қаласы, Тәжікстан Республикасы) беретін тауарлардың саны

P/c ! Тауардың ! Өлшем ! Саны ! Бағасы ! Жалпы құны
N атауы бірлігі АҚШ долл. АҚШ долл.

1	Аммонит	т	60,0	975.00	58500.00
	бжв-32мм				

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 11 қыркүйектегі
N 1377 қаулысына
2-қосымша

Жарылғыш заттардың (аммонит бжв-32 мм)
қозғалыс бағыты

Жарылғыш заттардың (аммонит бжв-32 мм) қозғалыс бағыты мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Баратын станциясы: Жел-Арық (Қырғыз Республикасы);

Шекарадан өту станциясы: Арыс-Луговая (Қазақстан Республикасы);

Алушы: "СУ-93" акционерлік қоғамы (Бішкек қаласы, Қырғыз Республикасы).

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК